

# *Общественные науки*

---

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 3, Number 313 (2017), 155 – 163

**T.K. Abdrazilov, K.K. Kaldybay, Zh. Y. Nurmatov**

IKTU named after H.A. Yassawi. Turkestan, Kazakhstan.

E-mail: turganbay33@mail.ru, kaldibaykaynar@list.ru, jahangirnur@mail.ru

## **THE PROBLEM OF MAN IN ISLAMIC PHILOSOPHY**

**Annotation.** Since in the general religious philosophy of Islam is composed of disclosures in the Koran and the Hadith, we have systematized and showed the main issues as follows: the argument that the person bonded Allah, faith in the religion of the person, as well as the transformation of the recognition of only one God, one God in the style life, a life-long relationship with religious morality, spiritual perfection of man and reasoning about sacred persons and etc. Stopping at each of them separately, we also surveyed the structure of ideas reached today with the historically-cognitive perspective.

**Key words:** Philosophy, religion, islam, religious philosophy.

ӘӨЖ 141.7.

**Т. Абдрасилов, Қ. Қалдыбай, Ж. Нурматов**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Туркестан, Қазақстан.

## **ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ**

**Аннотация.** Исламның діни философиясы жалпылай алғанда Құран мен Хадистерге түсіндірмелерден құралатындықтан, ондағы негізгі мәселелерді туындағып, былайша жүйелеп көрсеттік: адамның Алланың құлы екендігі туралы пайымдаулар, тұлғаның дінге деген сенімі және бір Алланы мойындаудың өмірлік салтқа айналуы, ғұмыр кешудің діни моралімен жалғасын табуы, адамның рухани жетілуі мен қасиетті тұлғалар туралы пайымдаулар және т.б. Оларға жеке-жеке токтала келе, тарихи-танымдық тұрғыдан бүғінгі күнге дейін сабактастырылған идеялардың түзілімін де шоюлып оттік.

**Түйін сөздер :** Философия, дін, адам, ислам, діни философия.

Ислам философиясындағы адам мәселесінің толғанылуы өсіреле, орта ғасырдағы араб-мұсылмандық дәүірде өрістеген болатын. Бірақ бұл кезеңдегі ойтолғамдар көп жағдайда діни теологиялық сипатта өрбіген еді. Оның орта ғасырдағы батыстық схоластикадан айырмашылығы рационалистік тұрғы мен ғылымға деген ұмтылыстың қатар журуі еді. Бұл кезеңдегі энциклопедизм дінді де назардан тыс қалдырмады. Е.А. Фролованың Ислам дінінің жана дін ретінде пайда болуы жана білім мен жаңа рационалдылықты алып келгендігін, өсіреле, саяси, экономикалық, құқықтық білімнің жаңа типтерін туғызғандығын атап өтуіне сәйкес, осы тұста, біз мұсылмандық діни философия мен дін философиясында адам мәселесін де назардан тыс қалдырмағандығын атап өтуіміз қажет.

Исламның діни философиясының көп бөлігі Құран мен Хадистерге түсіндірмелерден құралады. Оның ішіндеғі адамға қатысты ой тұжырымдар адамның Алланың құлы екендігі туралы пайымдаудар арқылы өрістеп, тұлғаның дінге деген сенімі және бір Алланы мойындауы өмірлік салтқа айналуы керектігі, тіпті оның өмірінің мағынасы болуы қажеттігімен ұштасып, ғұмыр кешудің діни моралымен жалғасын тауып отырады. Құлшылық пен діни мораль ислам философиясындағы адамға қатысты негізгі орталық ұғымдар болып жүйеленген [1].

Ислам дінін ұстанатын зерттеуіші ғалымдар көп жағдайда, діни философияға қарай бет бұрып кетеді, сондықтан да басқа діндегі зерттеушілер дін философиясына қарай немесе мұсылмандықты сынауга қарай көбірек ойысатындығы да шындық. Мысалы, В.В. Бартольдтің «Ислам және мәдениет», И. Гольдиердің «Ислам», «Исламдағы әулиелер күлті», А. Массенің «Ислам тарих очерктері», А. Меңтің «Мұсылмандық ренессанс», Т.Э. Гренебаумның «Классикалық ислам», А. Сагадеевтің «Классикалық ислам философиясы», Е.А. Фроловтың «Араб философиясындағы білім мен сенім мәселелері» т.б. еңбектері мұсылман дініндеғі адам мәселесіне барынша тікелей қатысты еңбектер болып табылады.

Бұдан шығатын түйін: ислам дініне деғен сенімі неғұрлым теренірек зерттеушілер таза діни философияға бет бұрса, зайырлы ислам мемлекеттеріндегі ғалымдар діні мен дін философиясы арасында ауытқиды, жоғарыда айтқандай, бұл дінді мұлде ұстанбайтындар таза дін философиясын басылыққа алады, ал бұл сенімді жеке көрушілер мұсылмандық атеизм бойынша өз пікірлерін ұсынады. Әрине, бұл тек исламға ғана қатысты емес, барлық діндерді зерттеушілердің өзіндік сенімдеріне байланысты түйткілдер.

Сондықтан да мұсылман діні, діни және дін философиясы тұрғыларын тұтастандыра отырып, адамға байланысты қарастырылған мәселелердің өзіндік ерекше қырларына тоқтала отырып, былайша жүйелеп алып, оның әрқайсысына жеке-жеке шолу жасап өтетін боламыз. 1) Құдайдың креационистік ілімі неғізінде адамның жаратылуы мен мәңгілік өмірі, Құдай-Әлем-Адам қатынасы; 2) Діни этиканың басты орталық түсініктер ретінде орнықтырылуы, адам еркіндігі мен жауапкершілігі және этикеттік деп айтуға болатын тұрмыс қалпы; 3) Адамның рухани жетілуі мен қасиетті тұлғалар; 4) Әйелдік бастама мен ер адамдық бастамалар, олардың қоғамдық өмірдеғі орны т.б. Ендеше, осы аталған тақырыптар бойынша біз, ислам философиясынан мысалдар келтіре отырып, оларды қысқаша сараптап өтетін боламыз.

Құдайдың дүниенің жоқтан жаратқандығы адам болмысына да қатысты тұрғыдан таразыланған «исламдық антропогенез» діни ойшылдарың философиясында таухидтық тұрғыдан теренірек пайымдалған болатын. Мысалы, араб халифатының көрнекті ойшылы, Абу-Юсуф Якуб бину-Искак әл-Киндиң дүниетанымы теологиялық арнаға бұрылып, жаратылу актілері мен бейне бір жоғарғы күш – креативтік қуаттың көріністерін бағамдайды: «Сүйектердің жоқтан бар болуы қалай, әлде бұрын болып, топыраққа айналған соң қайта орнына келуі қалай? Әрине жоқтан бар жасағаннан бұрын, бар нәрсені орнынан келтіру оңай. Жаратушы үшін бұның екеуі де бірдей: оған еш қындығы жоқ. Өйткені жоқтан бар жасаған күш өзінің жойған нәрсесін қайта қалпына келтіре алады. Ал Алланың ұтылығы мен құдіретіне иланбай сұрақ қоюшы мойындааса керек: оның өзі де әуелде жоқ еді, содан соң пайда болып, өмір сүре бастады, демек, оның сүйектері де болған жоқ, олар әуелде жоқ, соңынан қажеттілікпен пайда болды. Бұдан шығатыны – егер бұл сүйектер болмаған болса, оларды қалпына келтірін тірілту турасында жағдай да осы әлінтең: олар бар, олар тірі болмағаннан соң тіріліп, өмір сүруде» [2].

Бұндағы креационистік актіде адам мәселесі жаратылуы туралы пайымдаумен өрнектеледі. Идея әрине, доғмалық тұжырымдарды рационалдандыру бойынша құрылғанмен, жаратылуы туралы мәтінді теренірек ашып беруғе ұмтылған ойшыл адамның биологиялық болмысына көбірек үніледі, рухани-психологиялық қырларына тоқталмайды. Бірақ адам ақыл-ойының шектеулілігі мен трансценденттікі аполоғияға айналдырады. Адам танымының шектеулілігі арқылы құдайдың құдыреттілігін әйгілеу тәсілін қолданады: «Қандай адам өзінің адами философиясымен жоғарыда келтірілген Құран аяттары әрін санымен топыраққа айналып қалған сүйекті қайта тірілтіп, заттарды өзіне қарсы заттардан шығаруға Алланың құдыреті жетін тұрганын Хақ тағаланың оқытуымен Пайғамбарымыздың түсіндіріп берғені тәрізді түсіндіре алмақ? Бұл үшін ақыл иелерінің тілі шолақ, оған адам ақылы жетпек емес, жеке бір адамның ақыл-оібы дәрменсіз».

Әл-Кинди адам болмысында оның дүниеге келуі мен жоғалуы идеясында адам жалпы әлемдегі үздіксіз үдерістердің жай бірі ғана екендігін ұсынып, антропоцентристік бағдарды бәсендеткендей болады: «пайда болуға келсек, ол субстанцияларда ғана болады. Мәселен, адамның жылы мен сұйқтан пайда болуы тәрізді. Дәл осылай жойылу да субстанцияларда ғана болады, мәселен адамдардың тозанға айналуы.

Адамның жаратылуын хадистер де қуаттап толықтыра түседі. Хадистер бұл ілімді тереңдете отырып, түсіндірмелермен толықтырады. Л.И. Тухватуллина: «Құранда адамның жаратылуы бірнеше рет айтылғанмен, бірақ суреттеудің жүйелілігі сақталмаған. Осы себепті хадистер оны былайша толықтырады..», -деп [3] атап өткендей, Құран мен Хадис жалпы алғанда да, адам мәселесі бойынша да, бірін-бірі жүйелеші мен толықтыруышы мәтіндер болып табылады.

Сонымен қатар, ислам дініндегі адам болмысы «Құдай-Әлем-Адам» үштігі арқылы тұжырымдалды. Таухидка сәйкес, адам Жаратушыны аса жоғары түрде бағалауы тиіс және оған сөзсіз сенуі қажет, тіпті құдік келтіруға болмайды. Сондықтан да субъект, алдымен, Құдай туралы ілімдерді, әсіресе, теософияны толық менгеруі тиіс болатын. Мысалы, Абу-Хурайрадан жеткен хадис бойынша: «Аллаһтың 99 есімі бар. Кімде кім оны жасапташ, амал жасасайтын болса жәннәтқа кіреді», -деп тұжырымдалады. Сондықтан адам танымының ең басты және ең алғашқы ақпараты мен білімі Алланың жалғыздығын, балама жоқтығын, мәнғілігін, құдыреттілігін т.б. мойындаудан бастау алуы қажет болып саналады. Бірақ адам өзінің мәртебесін үнемі төмендетпейді, шаригат бойынша өзін-өзі қайтадан асқақтатын ғносеологиялық жайлары арқылы Жаратушы болмысын үнемі назардан тыс қалдырмайды немесе Құдай арқылы өзін асқақтандырады. Мысалы, Ибн-Араби: «Мен бір жасырын қазына едім. Мен өзімді танытқым келді. Мені танысын деп мен мақұлтықтарды жараттам, өзімді таныстырудым олар мені таныды» [4].

Ибн-Арабидің бұл құрделі дилеммасын «эпистемологиялық мәртебе» деп атайды отырып, Жаратушы мен Адам болмысын қадірлеуға келін тірелетін идея деп айта аламыз.

Құдай-Әлем-Адам бірлігі бір қырынан алғанда, Жаратушының мәртебесін асқақтандыра түседі, бірақ түзілім бірлігі оны оқшауламайды. Сондықтан, адамның Жаратушыны тануына байланысты біз былайша жаңа тізбек жасай аламыз: «Құдай: Адам-Әлем». Демек, бұл түзілімде, жоғарыдағыдей «Құдай-Әлем-Адам» құрылымы бойынша, бәрі тұтасып кетпейді және Әлем мен Адамның орны ауысады. Бұл діни идеология емес, ислам дініне сенетін адамның танымының шынайы келбеті болып табылады. Себебі, біріншіден, бұнда Жаратушының асқақтығы мен салыстырмалы түрдеғі оқшаулығы ажыратылады, сонымен қатар, дүние көп жағдайда адам үшін жаратылғандықтан, табиғат адам иғілігіне бас иғендіктен, басқа тіршілік иелері де адамның өмір сүруіне ынғайластырылғандықтан (мысалы: құрбандық шалу) оны адамнан кейін қоюға тура келеді.

Сондықтан, таухид теизмі болсын, мутазилиттік, сопылық «пантеизм» болсын, адам болмысын асқақтату мақсатында, Жаратушының өзіндік асқақтығы арқылы оны басқа да тіршілік иелерінен жоғары деңгейге шығарады, Құдайды тану мен тануға деғен ұмтылыс адамнан басқа тіршілік иелеріне тән емес, христиан немесе будда ілімдерінің діни философиясымен шұғылдануышы кейбір ойшылдардың панпсихизмі мен гилозоизмі тәрізді. Ислам дінінде адамнан басқа тіршілік иелерінде сана жоқ және елі табиғатта рух болмайды. Олай болса, адамның мәртебесі бұнда барынша жоғары қабілеттерінде. Себебі, Жаратушының өзі адамға ерекше қабілет берғен, осы қабілет арқылы адам алдымен, құдайды таниды, содан соң ілім-білім арқылы әлемді таниды, ал табиғаттағы басқа тіршілік иелері адам иғілігіне арналған. Бірақ теософиялық танымының өзі бұл тұста барынша құрделі болғандықтан, оны былайша жіктел қорсетуімізге болады: 1) Трансценденцийлер ретінде оны адам толықтай тани алмайды; 2) Есімдерін, басқа да сипаттарын т.б. біліп оны тануға ұмтылады; 3) толықтай деңгейде деп айтуда болатындағы дәрежеде таниды; 4) Толықтай танып, құдаймен тоғысады, нұрлану арқылы оның бейнесін қоруға жақындаиды.

Сондай-ақ сезіммен (иррационалдық) және ақылмен (рационалдық) тану жөніндегі пікірталастар, ислам діні пайда болып өркендеғеннен бастап, бүтінгі күнғе дейін жалғасын тауып келе жатқан үдеріс. Біздінше, діни философия сезімде көбірек қөніл бөлсө, ал ақылмен тану дін философиясына қарай жуықтайды.

Бұл мәселелердің калам неғізіндеғі қойылышын Т.Ибрағим онтологиялық түрғыдан былайша шешіп бергендей болады:

«Философиялық пантеизмде Құдай тек әлемге имманентті емес, сондай ақ сөзсіз трансцендентті. Бұл трансценденттілік көзге философиялық негіздің принциптілігі. "Трансценденттілік ол өзінің тұтастай бөлігі және қасиеті мен әлемнің бірлігін және тұтастығын қамтыған әлемге феноменалдық, әмпирикалық, метафизикалық және кепістік-уақыттық байланыстардың физикалық абстракциялануы болып табылады» [5].

Бірақ, исламның діни философиясында Жаратушы трансценденция болғанмен, метафизикалық мәселе емес, сезіммен императивтенген, ақылмен парасаттандырылған болып табылады. Мысалы, Ибн Анастың: « Уахига сену- міндептілік, ал ол туралы сұрау азғындық болып табылады», -деп тұжырымдалған пікірлері де оның императивтік қырын анықтап береді, бірақ бұл тұста ол ересъ емес, скептик болып саналатындығын айта кетуіміз қажет [6]. Сопылықтың кейбір бағытындағылар, перепатетиктер мен каламға қарағанда, жалпы кітаби білімді жек көре отырып,

өздерінің қалдырыған қолжазбаларын жойып жіберғендігі туралы оқигалар да кездеседі [7]. Сондай-ақ, сопылардың ақыл құдайды тану қақпасына дейін көркем, ал сол қақапаға жақындаған сэтте ақылды тастап, «қалай» және «неден» деғен сұрақтар қою пайдасыз болып шығатындығы туралы көзқарастары да сезімді танымның негіздерін құрайды [8].

Ал Әл-Кинди ақылды төртке бөле отырып, бірінші ақыл адамның өзін танығандығы сияқты бастапқыны да таниды, ол құдайдың мәңгі аналоғы екендейді атап өтеді [9]. Яғни, адам бірінші ақылы арқылы рационалдық түрғыдан құдайды тани алатын болып шығады. Оны А.В. Сағадеев белайша толықтырып өтеді: «Адам ақылы кемелденген сайын Лоғоспен бірігеді, яғни әлем занылықтарының басқарушысымен» [10]. Исламдық теософиялық танымның тағы бір құрделі қыры жаратушының сапалары туралы. Мысалы, Н.В. Ефремова атап өткендей, Иғлік, Махаббат т.б. сапалармен қатар, ашариттер де Есту, Көру, Сөйлеу сияқты қасиеттер де белгіленеді [11]. Шындығында біз үшін, Жаратушы болмысы метафизикалық емес болғанмен, феноменологиялық түрғыдан алғанда, адам санасының оған берғен бағалары метафизикалық ойлаудың жемісі. Екінші бір қырынан алғанда, жалпы Құран мен хадистерден басқа берілген сапалар антропоморфтауға келін ойысады. Үшінші бір қырынан алғанда, әсіресе аполоgetика, түптеп келгенде, Жаратушының беделін көтеру мақсатында болғанмен, түсіретіндегі денғейде таразылайды деп топшылай аламыз. Бірақ бұндай діни еркіндік ойлары кейде философтар түрғысынан белайша құталаудың: «Алла адамды өзінің бейнесі бойынша жаратты». Олай болса, қарапайым айтқанда, адамның ойлауы құдайдың ойлауына сәйкестенеді, сондықтан Жаратушыға берілген сапалар оның ойлауы негізінде құрылады. Сондықтан, адам берғен сипаттама сапалардың өзі Жаратушының өзін тануы үшін берілген тағайындалған адам санасының өзіндік болмысы болып шығады.

Алланы тануда ақылға, сезімге басымдылық берумен қатар, ақылға бағындырылған сезім немесе сезімге бағындырылған ақыл туралы пайымдаулар да аралық буын ретінде кездеседі: «Ақылмен басқарылатын махаббаттан жақсы ешнэрсе жоқ». Сондай-ақ, жан мен құдайлышының шынайылық сол құбылыстың өзі болып табылатындығынан адам бақытын туыннататын көзқарастар да бар. Осы тұста, біз Ислам философиясындағы «Алланы тану дүниені тану адам бақыты» бірлігін ұғына аламыз.

Бұндай әртаратпантанған танымды Әль-Газали белайша сатылы түрде көрсетіп шешкендей болады, біріншісі – қарапайым адамдар, олардың соқыр сенімі, екіншісі – логикалық дәлелдеу мен ұқсату арқылы, үшіншісі – жоғары дәрежедегі түйсінү, толық таным, актінің өзі. Бұдан біз ақылмен және сезіммен тануға бағытталған әлеуметтік таным кеңістігін: көлбеу (горизонтальді) – сезіммен-ақылмен-ақылға бағынған сезіммен-сезімге бағынған ақылмен және тік қима (вертикальді) – тәменгі-орташа-жоғарғы сатылар деп жіктеп көрсете аламыз.

Ислам дініндегі басты мәселелердің бірі – адамның әлемдеғі орны. Адамның мистикалық және реалды әлемдегі орны барынша асқақтантанған кейіпте. Егер де христиан дінінде көп жағдайда адам періште мен хайуанның арасындағы орталық буын болса, буддизмде адам басқа да тіршілік ислерімен онтолгиялық түрғыдан теңесетіндей болса, мұсылмандық теологияда адам антропоцентристік сипатта болып келеді. Исламның мистикалық әлемінде адам періштелерден жоғары емес, шайтаннын тәмен де емес, бірақ шайтанның азғыруына ілесіп кетуі ықтимал, Алла тағала атынан жіберілген бұйрықтарын орындаітын періштелер алдында дәрменсіз болып табылады. Ал тірі және өлі табиғат адам иғілігі үшін арналған, адам олардың бәрінен жоғары жан иессі. Мысалы, халал болып саналатын хайуанндар тұрмыстық қажеттіліктерге, тағам ретінде пайдалалануға, құрбандыққа шалуға тағайындалғандай болып белгіленеді. Яғни, адам табиғаттан үстем және табиғат тек қана адам иғілігі үшін жаратылмаса да, адамның оған иелік етуғе мүмкіндіктері бар.

Адамға қатысты ислам философиясының дінгері – имандылық. Ол жалпы концептуальді кең ұғым: діни түрғыдан алғанда, иманнан туындаітын адамның жүреғіндегі нұры арқылы Алла тағалға сенғен адамға бітептің көркем мінез және діни шарттарды сөзсіз орындаумен келін шартталатынәрекеттік қалып болса, философия түрғысынан алғанда, адамның күнделікті өмірдегі ішкі рухани қадір-қасиеті мен адамғершілік белгілердің тұтастануы және жылы жүзділік сияқты этикалық түзілімнің тұтастануы. Бұл ислам дінінің теориялық жүйесі түрғысынан алғанда, ақида, ибадат, ахлак, муамалат, фикх сияқты арнайы ілімдер арқылы бекітілестің және орындауға тиістілігі мен тиісті еместігі түрғысынан: харам-уәжіп-бейтараптылық-мәкрух-халал болып құрылатын өзіндік бір құрылымды қағидаттар болып табылады. Мысалы, Е.А. Фролов мұсылман дінін бұрынғы пүтқа табынушылармен салыстыра келе: «Ислам білімнің жаңа типін алып келді –

саяси, экономикалық, құқықтық..», -деп пайымдауы да [12], нақтырақ айтсақ, фикхтың құқықтығы, муамалаттың саясилығына келіп түйіседі.

Дін философиясы тұрғысынан алғанда, ислам этикасы шарттарымен келін орайласатын адамның ізілік қасиеттерінің тұтастығы, ал діни философия тұрғысынан алғанда, әрбір мұсылман орындауы тиіс парыз, кейде міндетtelген сұннеттердің жиынтығы. Сондықтан, орта ғасырдағы ислам философиясының өкілдерінен бастап, бүгінғі күнге дейінгі ойшылдар діни философиядағы имандылық туралы насиҳаттарын терең психологиялық, философиялық, тіпті жаратылыстанулық ілімдер арқылы жан-жақты дәйектеп, түбірлі түрде неғіздел жүргізіп келеді. Мысалы, Ибн-Синаның осы арнадағы «Жан туралы», «Этика туралы» атты кітаптарының мазмұны жөнінде: «Бұл – Ибн Синаның философиялық шығармашылығының түбірлі шығармалары, олар оның онтологиялық және гносеологиялық көзқарастарын бейнелейді, оның шығармашылығының психологиялық және адамгершілік қырларын айқындайды, адамның әлемді тануы туралы ілім дамуының аса маңызды мәселелерін көрсетеді, танымдық процестің құрылымын, адамның жаны мен психикалық әрекеттің механизмдерін, адамгершілік қасиеттердің қалыптасуын, сондай-ақ адамды қоршаған әлемнің дамуы мен құрылышы туралы физикалық көзқарастарын білдіреді» -деп айтылған пікірлер де осының айғағы [13].

Осындай діни исламдық философияның имандылық шарттары арнасында өркендеуі мұсылмандық этиканың өзіндік бір жүйесін қалыптастыруды және ол жалпы концептуальды, әдіснамалық бағдар бойынша тұтастандырылған болғанмен, әрбір мұсылман халықтарында ұлттық таным-түсініктеріне сәйкестендірілген бағыт бойынша дамып жетілді. Мысалы, казак дуниетанымындағы имандылық поэтикалық сарындармен (XIX ғасырдағы Шортанбай, Дулат сынды ақын-жыраулар), фольклормен (мақал-мәтелдер, діни дастандар т.б.), философиялық пайымдаулармен (Абай, Шәкәрім т.б.), педагогика ілімдерімен (Ыбырай, Мәшіүр Жүсіп т.б.) байланыстырыла жеткізілді.

Имандылық философиясының жалпы басқа діндердегі моральмен салыстырғандағы өзіндік ерекшеліктерін белайша туындана аламыз, біріншіден, императив түріндегі борыш пен парыздан міндетке қарай бет бұрган ережелер жиынтығы; екіншіден, теориядан ғөрі нақты тәжірибелік өмірмен байланыстырылған әрбір жағдай мен әрбір сәттерге байланысты берілген әмбебап жауаптар, үшіншіден, исламдық діни мәтіндер мазмұнының біршама көп бөліғін құрайтын қайталамалы болып келетін дидактикалық ұстанымдар т.б. Бұл өз кезеңінде, рухани жетілу арқылы кемелденген тұлға қалыптастыру іліміне дейін көтерілді. Осы тұста, Ислам философиясын зерттеуши

Н.Сейтахметованың: «Орта ғасырлық ислами философиялық жоба моралды-этикалық кемелденумен тығыз байланысты. Ислам философиясы өзінің кезекті дамуында моралды-этикалық императивінің негізін қалап, релевантты философиялық ізденісі арқылы қазірғі қоғамды және басқа да бағыттарды дамытады», -деп айтылған пікірлері де біз үшін жалпы идеяларымызды қуаттайтын нұсқалар бере алады [14].

Ислам этикасы тек қана адамгершілік нормалардың жиынтығы емес, этикетпен, өмір сүру қалыптың сабактасқан ірғелі жүйе болып табылады. Мысалы, тазалықтың өзі тәндік-рухани-психологиялық құрылыммен жабдықталған. Тәндік қаралайым тазалық дәрет алудан басталса, рухани тазалық халал мен харамнан тамыр тартады, ал психологиялық тазалық арам ойды шектеумен сабактасады. Халал-харам дихотомиясының өзінің верификациялары бар. Ол тамақтанудан бастап, нені жасауға болатындығы және нені жасауға болмайтындығы туралы канондармен өлшенген. Бұл мындаған жылдар бойы сақталған өмір салтының тиімді, барынша мултікіз деп есептелецін ережелерінің жиынтығы болып шығады. Сондықтан, сәлемдесуден бастап, қыншылық сәттерде өзін қалай ұстau керектігіне дейінгінің барлығы жинақталған. Себебі, басқа діндер сияқты исламның да өмірмөнділік-тәжірибелік жақтары өмірдің әрбір сәтіне, кездесуі ықтимал күйбен тіршіліктің қайшылықтарына бірін қалдырмай тұтас жауап беруғе тырысқан: «Мәселен, Эбу Ханифа күймегі нәжісті ғұл немесе жүзім суымен тазалауға рұқсат деді», -деп [15] тұжырымдалған өмірлік ұстанымдар, ұсақ тұрмыстық тазалықтарға дейінгінің барлығын қамтуға бағдарланғандығының күесі болып табылады деп айта аламыз. Әрине, заманың өзгеруіне, ғылыми-техникалық прогрессін өрлеуіне т.б. байланысты өмірдең барлық сәттерді түфел қамту мүмкін емес, сондықтан, ондай жағдайларға кезіккенде не істеу қажеттігі кейіннен «Иджма» арқылы шешімін табатын болған. Бұл дін ғалымдарының дінді динамикаландыруы, яғни, заманға бейімдеп, барлық сауалдарға да жауап беруғе болатындығы туралы діни-тұрмыстық конвенционалистік ілім болып табылады.

Бірақ этикаға байланысты алғанда да, адамның биологиялық-психологиялық қырлары екі жақты қарастырылады: жағымсыз және жағымды. Жағымды қырлары адамның күнделікті тәндік қажеттіліктері, иғілікті ойлауы мен таза санасты т.б. Ал жағымсыз қырлары тәндік құмарлықтардың әсіреленуі, психикалық күйдің аморальді жақтары т.б. болып келеді. Осы тұста, шайтан осы жағымсыз қырларын қоздыруши, оны тудыруши, өзіне жетелеуши ретінде ықпал ететін рухани қырдың антиподы болып табылады. Психоанализдік тұрғыдан айтқанда, шайтанның азғыруын санаға бағынбай кететін бейсаналы құмарлықтардың Жоғарғы-Меннен аттап өтуімен сәйкестендіруімізге болады.

Адам жалпы жаратылу бойынша, негізінен алғанда кемелденген, толыққанды, жан-жақты, дүниені тани алатын жан исесі болғанмен, бір кемшілігі шайтанның азғыруына елігіп кетуі ықтималдылығы болып табылады.

Осы тұстап адам еркіндігі мәселесі туындейді. Бірақ ислам дінінде бұл барынша қурделі мәселе. Сондықтан да джабариттер мен қадариттердің тартысының неғізінде идеясы бүгінгі күнге дейін шешімін таппаған мәселелердің бірі. Адам өз өмірін құруда, белгілі бір шешімдер жасауда, шайтанның ынғайына еруғе немесе ермеуғе мүмкіндігі бар, екінші бір қырынан пешенеғе жазылған тағдырды атқарушы субъект қана болып табылады. Бірақ абсолютті фатализм орнықпаған, себебі, шаригатта былай істеуғе болмайды, былай істеуғе болады деген бағдарлаулар бар. Яғни, адамға шартты мүмкіндіктер берілген. Бірақ жауапкершіліктер жоғары деңгейде, парыз берілген олардың құттылу үшін орындалуы тиіс міндеттер де адамға жүктеледі. Адам осындағы діни өмір салты мен императивтердің аясында тіршілік етеді. Сондықтан адам фатум мен фортуна арасындағы тіршілік исесі ретінде жаратылған деп тұжырымдай аламыз. Мысалы, джабариттердің жалпы ұстанымы: «Егер де Алланың құлдарына Жаратушы мәртебесіне қайшы келетін нәрселерді жасау мүмкін болатын болса, оның даналығы даналық емес, Ал құдайлық даналыққа қарсы әрекет мүмкін емес, олай болса олар, шындығында да еркін емес» [16].

Ал-Фазали бұл түйткілдердің жағымсыз болады: «Егер де перде ашылатын болса, сен адамның еркін ерікке мәжбүрленгендердің білесін, яғни, ол еркін таңдауга мәжбүрленген» Ислам этикасының тағы бір маңызды тұсы – жеке адам имандылығынан, қоғам мен мемлекет деңгейіне дейін көтерілген әлеуметтік этикасы болып табылады: эл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Бадж, Ибн Рушб т.б. қалалардың бірнеше тұрлары туралы еңбектер жазып, мұсылмандық мораль арқылы жаңа бір мемлекеттің нұсқаларын жасап шығаруға тырысқан утопиялар ғана емес, бір қырынан әл-Фараби атап өткендей, саяси философияға де келін ойысады, екінші бір қырынан, ислам теологиясынан дін философиясына қарай, одан таза этикаға қарай беттеп бара жатқан бағыт, үшіншіден, адамзат мұрраттары мен ислам моральінің әлемге әйгілейтін ұстанымы да болып шығады. Осыдан әл-Фарабидің бакыт туралы ілімі туындалп шығады.

Бұл ілімінде де ойшыл, дінді, діни адамғершілікті, білімді, адамның жеке қайырымдылығын тұтастырылады. Оны «бақытсыздық», «бұзылғандық» т.б. қалалармен салыстыра көрсетеді. «Бақыт жолын сілтеу» атты еңбегінде де адам бақыты адамғершілікке неғізделген білім арқылы өрбитіндігін атап көрсеткен болатын. Бұл тек басқарушы ғана емес, жалпы бұқара халықтың да сол жолда жүргөтін тиісінше ережелері болатын. Шындығында, бұл ілім бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жоймаған саяси-етикалық мәселелердің бағдарын құрайды және адамзатқа үлғі ретінде ұсынуға болатын іргелі жүйе болып табылады деп айта аламыз. Олай болса, ойшылдың этикасы саясатпен, эстетикамен, педагогикамен, дінмен, психологиямен байланыстырылған және осы салалардың өркендеуіне де септігін тиғізген, біріншіден, жалпы әдіснамалық, екіншіден, таза теориялық, үшіншіден, тәжірибелік негізде ұсынылған тұжырымдама іспетті. 3. Ислам философиясындағы кемелденген тұлғаның өзін, шартты тұрдеге байлаша жіктелеп алуды жөн көрдік: пайғамбарлар, сахабалар, табиғиндар, қожалар т.б. – дін таратушы тарихи бастамашылдар; сопылық ілімдері – экзотериялық-эзотериялық тұлғалар; исламның эзотериялық ілімін иғерғен қастерлі тұлғалар – өулиелер, пірлер, аруақты адамдар; рухани кемелденген толық адам – жалпы халықтық үлғі т.б.

Алғашқы дін таратушылар ислам дінінде барынша жоғары мәртебеге ие болып келеді. Бірақ тарихи уақығаға байланысты, сол дәүірде өмір сүрғендіктен, қазір ондай тұлғалық болмысты қайталau мүмкін емес, сондықтан да олар заманына сай тағайындалған хронологиялық тұлғалар болып табылады. Олай болса, бұл тұлғалар дін тұрғысынан мұрраттар мен тарихи асқақ тұлғалар ретінде ғана сақталады және барынша кемелденген. Бірақ, олардың да тұлғалық болмысы да абсолютті кемелденбеген: «Өмірде адам атаулының бәрі де қателік жіберуі мүмкін екендігі туралы пайғамбарымыздың өзі айтып кеткен. Мәселе осы тұрғыдан қарасақ, бұдан жоғары аты атап

тұлғалар да шет қалмасы анық. Алайда олардың жаза басқан жаңсықтары мен бұрынғылар жүріп өткен жолдың жартысын да жәуекемдегі алмаған қатардағы адамдардың қателіктегін бір тұғырда қарастыру орынсыз», -деп осы бастапқы дін таратушыларға қатысты айтылған пікірлер бар.

Басты қағидалары ислам дініндегі сенімнің бік деңгейіне көтерілген тұлға қалыптастыруды неғіздейтін сопылықтың неғізгі ұстанымдары: Құдайдың хақтығына шек келтірмей, оған шын ниетімен, жан-тәнімен берілу, адам рухының құдаймен бірігуі, жер бетіндегі құйбен тіршілік пен пендешіліктен қол үзіп, барлық материалдық иғіліктерден, тәндік қажеттіліктерден бас тартып, құдаймен тоғысу үшін ерекше экстаз жағдайына ену, құпия ілімдерді (эзотерия) игеру және оны көвшілікке (эзотерия), «білімсіздерге» жарияламау, құдайды шын шексіз абсолютті түрдесую арқылы интуитивті турде «нұрлануға» жету (акиқат жолы), мадак жырларын жырлау және оның техниксын менгеру (зікірсалу) т.б.

Мәселен, Мұхасиби «хал» ілімін, яғни, құдайға баратын жолда сопының қас-қағым сэтте нұрлануын неғіздесе, маламатийа мектебі адамның ішкі жан дүниесінің тазаруын ұсынады, ал Джунайд «фана» жүйесін, яғни, мәңгі абсолюттегі ұstem болмысқа жеткізестін мистикалық жібін кетуді байыптады да, шаригат — жалпы мұсылмандық діни зандар, тариқат және ҳақиқат — құдайлық шындыққа жету сатыларын дәйектейді. Суфизм идеяларындағы «хәл» қүйі үздіксіз үдеріс арқылы сыртқы әлеммен байланысын үзу, фана макамына жету, адамның «өзін» жоғалтуы бойынша «фанаға» — «өз болмысын Тәнірде ерітуғе», Тәнірмен бір болуға (фана фи Аллах) ұмтылыстың нақты көрінісі. Ал «фана» феномені алғашқы жабырқау мен мұн — психологиялық қүй бойынша, онтологиялық — (болмыс бірлікі мен Ҳақты түйсінү) таным тұнғыбына сінү арқылы, теологиялық — (өз болмысын Құдайлық деңгейде еріту, жоғалту, онымен тұтасу)» сатыға көтерілу.

Яғни, сопылықтағы тұлға мәселесі барынша құрделі түсінік, оны толық түсіндіру үшін, алдымен оны түсіну қажет, түсіну үшін тек теориясын ғана емес, тәжірибелік түрде түсіндіруші өз призмасынан өткізуі тиіс: «Сопылық тәжірибе –«адамдық менинің» ешқандай сезім немесе ақылдың көмегінсіз, Тәнірмен тікелей байланысқа түсү тәжірибесі. Оны тілмен жеткізу қын болғандықтан талдау жасау да мүмкін емес. Мұндай хәлді жеткізуде тіл, ойлау қуралдары дәрменсіз... Бұл хәл – трансцендентальдық мәндегі құбылыс болғандықтан оны сөзбен айшықтау, бұл хәлді басынан өткізбеген кісіге түсіндіру одан да қын».

Сопылық ұстаным тек қана тұлға дайындастын өзіндік діни философиялық ілім ғана емес, эзотериялық болғандықтан, онда да ғылым мен білім, терапиялық тәсілдер мен физикалық жаттығулар, мағия мен оккультизм т.б. тұтас дамыды. Соңдықтан да, сопылық жолмен кемелденген адам тек қана діни фанат емес, жан-жақты дамыған тұлға болып шығуы тиіс үлғі құрылған болатын. Әрине, оның сол дәуірдең ілімінің кейбір бағдарлары мен нұсқалары жойылған, соңдықтан, біздің түсініп жүрген сопылық тек оның формалық көрсеткіші және оның көпқырлылығының бір ғана жағы деп айта аламыз.

Жалпы ислам дінімен, осы сопылық іліммен байланысты қалыптасатын тұлғалардың бірі – әулиелер. Ол әсіресе, Орта Азия халықтары, оның ішінде, қазак даласына да кен таралған және бүгінгі қунға дейін сарқыншактары сақталып келе жатқан діни-мистикалық, сакральды-мағиялық құбылыс болып табылады. Бірақ, ол жөнінде дін философиясы тұрғысынан таразыланған ғылыми ізденістер біздің елімізде де жоқтың қасы деуғе де болады. Мүмкін, басқа да мұсылман елдеріндегі сияқты, мұғжиза жасауға салынған тиымдардың әсерінен оның ішкі теориялық және тәжірибелік сырлары жабық қүйінде қалған болуы да ықтимал. Сонымен қатар, бүгінгі дінтанушылар да бұл мәселеге ашық бара бермейді. Дегенмен, олардың болмысын барынша толығырақ түсіндіріп өтетін кейбір көзқарастарға шолу жасап өтеміз: «Мұндай кісілер қорым басында әулиелермен сейлесіп отырады. Тіпті үйде отырып-ақ, ата-анаңың, бабаларыңың рухы не деп тұрғандығын айтып береді. Сөйтіп құдай-аруақ деғенде біз аруаққа анық көзіміз жетті. Сол әруақты беруші кім? Ол – құдай. Ол жақсы жақсы көрғен пенделеріне берген сыйлығы екен. Сол аруақты адамдар арасынан әулиелер шықкан. Әруақ үш түрлі болып көрінеді. 1. Мағұнат. Ол адамдарды қорғау, оларға көмектесіп жүреді екен. 2. Әж-Нәүи. Бұл адамға даладан жабысады. Жолбарыс, арыстан, қабылан, жылан т.б. болып. 3. Стыдраж. Алла тағала жеке адамдардың сөйлеғен сөзіне не жасаған ісіне ықпал беріп қояды екен. Жоғарыдағыдай аруақ иссі болмаса да, бұл адамдардың сөйлеғен сөзі ем болады және істеген талабы, аткарған жұмыстары оңға басады».

Демек, «әулие», «емші», «тәуіп» сияқты жеке тұлғалар тек қана көне шамандықтың өкілдері бақсылар ғана емес, ислам дініндегі сопылық ілім құпияларын немесе басқа да мұғжизаларды игерғен, сонымен қатар, кабілеті бар жандар болып табылады. Бірақ олардың болмысы мен

қасиеттері туралы зерделеу, көп жағдайда біздің халқымызда да табулармен, императивтермен көмкөрілген.

Исламның, оның ішінде сопылықтың магиялық қырларын игермей-ақ, кемелденген рухани кісі идеалы түркі халықтарында, оның ішінде қазак халқында да жі ұшырасатын арнайы діни-этикалық тұлға қалыптастыру тұжырымдамасы деуге де болады. А. Яссаян ізімен өркендеген бұндай үлгілер, кейіннен таза фанаттық денгейге көтерілмесе де, жалпы терең рухани бінктікке ұмтылудың және заманга лайықталған тұлғаның өзіндік бір ңсүқасын жасап шыгарды деп те айта аламыз. Мысалы, Н. Манаевтың осындай ілімі кемелденген тұлғаның мінез-бейнелері қандай болуы тиіс екендігін ашып береді: «Н.Манаев кітабында мұсылмандық зандарын баяндай келе, адам баласы адамзаттық құндылықтарды игеру үшін, мынадай көркем мінездерді жинақтаган болу керек дейді: 1. Аллага илану; 2. Тәуекел (тукл) қылу; 3. Уәдеге тұру; 4. Сабырлы болу; 5. Мәрт болу; 6. Таза болу; 7. Ұятты болу; 8. Шын сөзді болу. Қ.А.Яссаян, Ы.Алтынсарин еңбектерінде де сегіз көркем мінез туралы тұжырым жасалынған. Н.Манаев түйіндеген сегіз көркем мінез уақыттың алшақтығына қарамастан, өзара үндесіп тұр. Дей тұрганмен, Н.Манаев зерттеуінде өзіндік ерекшеліктері анық көрінеді. Халықтың тәлім – тәрбие негіздерін ұдайы пайдаланып отырган. Осы мәселені шешуде халықтары адамгершілік имандылық қағидалар негізіне сүйене отырып, басқа тіршілік иелерінен адамның ерекше айырмашылығы, адами қасиеттер – адал болу, қамқорлық, рахымшылық жасау, көмек көрсете білу екендігін тұжырымдайды».

Жалпы алғанда, бұқаралық денгейдегі қарапайым адам болмысы кемелденуге мүмкіндігі бар барынша асқақтанатын тұлға болып табылады. Сондықтан да, мысалы, «таза агайындардагы» адамның жерлік және гарыштық болып белінуі, И.А. Агаев атап өткендей, адам мәңгілігі мен тарихи дамудагы адам бейнесін сипаттайты. Олай болса, «жұмақтагы адам» мен «жұмақтан құылғаннан кейінгі адамзат» арасында айтартықтай қайшылық тумауы тиіс. Бұл, біздіңше, «адам болмысының жұмақтық сипаты», «онда өмір сүруге деген өзіндік болмысы бар» деген сияқты рәміздік идеяларға қарай жетелеп тұратын тәрізді. Сондықтан да, қарапайым адам, буддизмдегі сияқты азап шегуші, христиандагы тәрізді күнелі емес, барынша жетілген, кемелденген, тек шайтанның азғыруына еріп кетпесе болғаны. Осы тұста, біз «Шайтанилану-Имандану» дилеммасын ұсына аламыз. Бұл, біріншіден, исламдагы адам болмысының табиги тәгдышы, екіншіден, өмірінің магынасы мен мәніне келіп жуықтайдын жалпы өмірлік формула іспетті (шайтан тұрткісінен сақтану), үшіншіден, шайтанның психологиялық-физикалық кейіпі туралы мистификацияның шынайыланған кейіпі. Демек, рәмізденген, тұспалданған, аллегорияланған шайтан тұлғаның психологиялық болмысына айналады деп тұжырымдай аламыз. Бұдан шайтан фобиясы тумайды, үнемі, үздіксіз шайтанилықтан сақтану шарасын туындалады.

Қорыта айтқанда, біздің талдауларымыз, діни мәтіндер бойынша, сол мәтіндерге жүргізілген діни философия негізінде, осы діни философиялық көзқарастарға жасалған кейінгі заманғы зерттеулер бойынша және діни мәтіндер мен оларға берілген сараптамаларға өзіміздің көзқарастарымызды ұсыну арқылы шешімін тапты. Ислам философиясындағы адам мәселесі барынша курделі сипатқа ие екендігіне көз жеткіздік, себебі, ислам дінінің де көптармақты екендігі, көп жағдайда гылым мен діннің кірістірілген үлгісі бар екендігі, ақыл мен сезімнің бірлігінің өзара үйлесімділігі және оның бүгінгі күні де маңызды түйткілді мәселе болып табылатындығы т.б. қойылып отырган мәселенің ауқымдылығын паш ете алады.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Фролова Е.А. Проблема веры и знания арабской философии. – М.: Наука, 1985. – 168 с.
- [2] Есім F. Фәлсафа тарихы: окулық– хрестоматия. – Алматы: Раритет, 2004. – 304 б.
- [3] Тухватуллина Л.И. Концепция человека в арабо-мусульманской и татарской социальной философии: проблема трансформации дисс. ... кан. филос. наук. – Казань, 2002. – 199 с.
- [4] Смирнов.А.В. Ибн Араби. Пути для готовящегося вскочить.Определение окружностей//Ибн Араби. Мекканские откровения. – СПб: Изд. Петербургское откровение, 1995. – 190 с.
- [5] Ибрагим Т. Философия калама (8– 15вв.): дис. ... докт.филос. наук. – М., 1984. – 285 с.
- [6] Сагир Али Абдалла. Моральное учение Аль – Газали в контексте средневековой арабо – мусульманской этической мысли: дис. .... канд.филос. наук. – М., 1989. – 122 с.
- [7] Керимов Г.М. Аль – Газали и суфизм. – Баку: Эльм, 1969. – 109 с.
- [8] Степанянц М.Т. Философские аспекты суфизма. – М.: Наука, 1987. – 190 с.
- [9] Аль – Кинди. Трактат о количестве книг Аристотеля//Избранные произведения мыслителей стран Ближнего Востока /под.ред.С.Н. Григорина. – М.: Изд. востоц– эк лит., 1961.–554 с.

- [10] Сагадеев А.В. Восточный перепатетизм (из истории средневекового радикализма): дис. ... докт.филос.наук. – М., 1987. – 217с.
- [11] Ефремова Н.В. Концепция божества в фалсафе //Матер. межд. конф. по фундаментальным проблемам иранистики «Культурное наследие Ирана на пороге XXI века». – М., 2001.–203 с.
- [12] Фролов Е.А. Проблема веры и знания в арабской философии: дис. ... докт.филос.наук. – М., 1983.–168 с.
- [13] Орта гасырлық Ислам– Түрік және Жана дауірдегі батыс философиясы. – Астана: Аударма, 2009. – 376 б.
- [14] Сейтахметова Н. Что такое исламская философия//Қазіргі әлемдегі философия: даму стратегиялары. – Алматы, 2013. – Б. 127– 135.
- [15] Әбсаттар Қажы Дербісөлі. Ұлық имам – Имам Агзам Әбу Ханифа. – Алматы: Көкжиек, 2007. – 966.
- [16] Идібеков Н. Этика Насреддина Туси в свете его теории свободы воли. – Душанбе: Дониш, 1997. – 90 с.

#### REFERENCES

- [1] Frolova E.A. 1985. Problema veryi i znaniya arabskoi filosofii. [The problem of faith and knowledge in the Arabic philosophy] M.: Nauka, 168s.
- [2] Esim. G. 2004.Falsafa tarihi:[The history of philosophy]okulik- hrestomatiya. Almati: Raritet, 304 b.
- [3] Tuhvatullina L.I. 2002.Konsepsiya cheloveka v arabo-musulmanskoi I tatarskoi sosyalnoi filosofii [ The conception of man in Arabic-muslim and tatar social philosophy] problema transformasiy diss. ... kan. Filos.nauk. Kazan, 199 s .
- [4] Smirnov.1995. Ibn.Arabi. Puti dlya gotovyashegosya vskochit.[ Ways for the upcoming jump] Opredeleniye okruzhnostei// Ibn Arabi.Mekkanskiye otkroveniye. – SPb: Izd. Peterburgskoe otkroveniye,- 190 s.
- [5] Ibragim T. 1984. Filosofiya kalam[ The philosophy of kalam] (8-15vv) : dis. ... doct.filos.nauk. – M., 285s.
- [6] Sagir Ali Abdalla. 1989. Moralnoe ucheniye Al-Gazali v kontekste srednevekovoi arabo- musulmanskoi eticheskoi misli[The moral teachings of Al - Ghazali in the context of the medieval Arab-Muslim ethical thought ] dis. Kand. Filos. Nauk.- M.,- 122 s.
- [7] Kerimov G. M. 1969. Al- Gazali I sufizm.[ Al-Gazali and Sufism] – Baku: Elm, 109 s.
- [8] Stepanyans M.T. Filosofskiye aspekti sufizma.[ Philosophical aspects of Sufism ]. M.: Nauka, 1987.- 190s.
- [9] Al-kind. 1961. Traktat o kolichestve knig Aristotelya// Izbrannye proizvedeniya mislitelei stran Blizhnego Vostoka/[Treatise on the number of books of Aristotle Selected Works of the Middle East thinkers] pod.red. S.N. Grigorina.-M.: Izd. Vostos-ek lit., 554 s.
- [10] Sagadeev A.V. 1987. Vostochnyi perepatetizm ( iz istorii srednevekovogo radikalizma) [ East peripatetism (from medieval history of radicalism] dis. ... doct.filos.nauk. –M., -217s.
- [11] Efremova N.V. 2001. Konsepsiya bozhestva v falsafe [The concept of a deity in Falsafa ] // Mater.mejd.konf. po fundamentalnim problemam iranistiki « Kulturnoe nasledie Irana na poroge XXI veka». M., -203s.
- [12] Frolov E.A. 1983. Problema veryi I znaniya v arabskoi filosofii [The problem of faith and knowledge of Arab philosophy ] dis. doct.filos.nauk.-M., 168 s.
- [13] Abishev. K. 2009. Orta gasirlik Islam- Turik Jane Jana dauirdegi batis filosofiyasi.[ Medieval Islam- Turkish and Modern Western Philosophy ] Astana: Audarma, - 376 b.
- [14] Seitahmetova N. 2013. Chto takoe islamskaya filosofiya [What is the Islamic philosophy]//Kazirgi alemdegi filosofiya: damu strategiyaları.-Almati, 127-135 b.
- [15] Absattar Kaji Derbisali. 2007. Ulik Imam- Imam Agzam Abu Hanifa.[The great leader Abu Hanifa]- Almati: Kokjiyek, 96 b.
- [16] Idibekov N. 1997. Etika Nasreddina Tusi v Svete ego teorii svobodiy voli.[ Nasreddin Tusi ethics in the light of liberty of his theory . ] Dushanbe: Donish, - 90s.

**Турғанбай Абдрасилов, Қайнар Қалдыбай, Жахангир Нұрматов**

МКТУ им. Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан.

#### ПРОБЛЕМА ЧЕЛОВЕКА В ИСЛАМСКОЙ ФИЛОСОФИИ

**Аннотация.** Поскольку в общем религиозная философия Ислама составляется из пояснений к Корану и Хадисам, он систематизировал и показал основные вопросы следующим образом: рассуждения о том, что человек подневольный Аллаха, вера личности в религию, а также превращение признания одного лишь Аллаха единственным богом в стиль жизни, пожизненная связь с религиозной моралью, духовное совершенствование человека и рассуждения о священных личностях и т.д. Останавливаясь на каждом из них отдельно, он также обозрел структуру идей достигших сегодняшнего дня с исторически-познавательной точки зрения.

**Ключевые слова:** философия, религия, ислам, религиозная философия.